2.1. Палатаны құру мақсаты халықаралық стандарттар негізінде Қазақстан Республикасында бухгалтерлік қызметті дамытуға, жетілдіруге және бірегейлендіруге атсалысу, бухгалтерлердің, қаржы мамандарының кәсіби деңгейін тұрақты түрде жоғарылату, оның мүшелерінің құқықтарын және заңды мүдделерін мемлекеттік органдарда, мекемелерде, коммерциялық, коммерциялық емес, шетелдік, халықаралық және басқа ұйымдарда таныту және қорғау, олардың мүдделерін, кәсіби біліктілігін, кәсіби мүдделерін қанағаттандыруға, кадрларды – кәсіби бухгалтерлерді Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңына сәйкес дайындауда және қайта дайындауда атсалысуға көмектесу үшін қолдау.

2.2. Палата қызметінің мәні:

бухгалтерлік есеп, есепке алу процестерін автоматтандыру, қаржылық менеджмент саласында білікті мамандарды, сонымен қатар қаржылық-экономикалық бейіндегі қпаратты тарату саласында мамандандырылған заңды тұлғаларды бірыңғай кәсіби ұйымға біріктіру және үйлестіру;

бухгалтерлік сала және аралық облыстар жұмыскерлерінің кәсіби білім деңгейін сертификаттауға және жоғарылатуға атсалысу;

бухгалтерлік есепке алу, қаржылық есептілік және аралық салалар аясында оң жұмыс әжірибесін талдау, жинақтау және тарату;

халықаралық және ұлттық қаржылық есептілік стандарттарын зерттеуде, енгізуде және таратуда атсалысу;

Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтерімен берілетін білікті қызметтердің кең спектрінің қоғамдық тануға қол жеткізу;

бухгалтерлерді оқыту және біліктілігін жоғарылату бойынша шаралар кешенін әзірлеу, оқу бағдарламаларын және оқуға арналған әдістемелік оқу құралдарын әзірлеу;

бухгалтерлердің және қаржы мамандарының белсенді кәсіби қызметі үшін жағдай жасау;

- халықаралық білім стандарттарының негізінде бухгалтерлердің және қаржы мамандарының кәсіби білім жүйесін құру;
- мүшелер қызметінің жария-құқықтық тәжірибесінде көмек көрсету, бухгалтерлік ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- бухгалтерлік және консалтингтік қызметтердің нарығын зерттеу, басқа маркетингтік зерттеулерді жүргізу;
- бухгалтерлік есепті және аралық пәндерді ұйымдастыруда бухгалтерлерге кеңестік-әдістемелік және практикалық көмек көрсету;
- Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін әзірлеуге қатысу және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізу;
- бухгалтерлік және қаржылық қызмет саласында тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық үкіметтік емес келісімшарттарды дамыту;
- Мемлекеттік, қоғамдық, шетелдік және халықаралық ұйымдарда Палата мүдделерін таныту;
- бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласында ағартушылық қызметті жүзеге асыру;
- бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аралық салалар аясында білім тарату мақсатында семинарлар, веб-семинарлар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер», форумдар, көрмелер және басқа шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аралық салалар аясында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға атсалысу;
- барлық мүшелері үшін міндетті болып табылатын, халықаралық тәжірибеге сәйкес келетін Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексін қадағалау;
- жарғылық мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған басқа шараларды өткізу.

3. ПАЛАТАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 3.1. Палата заңмен белгіленген тәртіпте құқылы:
- өзінің қызметі туралы ақпаратты таратуға;
 - соттарда және басқа мемлекеттік органдарда, басқа қоғамдық бірлестіктерде мүшелерінің құқықтарын және заңды мүдделерін таныту және қорғау;
 - басқа ұйымдармен қауымдастықтарға (одақтарға), халықаралық коммерциялық емес, үкіметтік емес бірлестіктерге кіру, сонымен қатар олардың қызметіне қатысу;
 - Палатаның филиалдарын және өкілдіктерін ашу;
 - жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру. Палатаның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар оның мүшелерінің арасында таратыла алмайды және тек жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін ғана пайдаланылады;
 - ұлттық стандарттарды және оларға әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысу;
 - бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін әзірлеуге қатысу;
 - бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы оң жұмыс тәжірибесін талдау, анықтау және тарату;
 - ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте банктерде шоттар ашу;
 - мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы берілген мөрге, мортабанға және бланкілерге, сонымен қатар белгіленген тәртіпте тіркелген эмблемаға (символикаға) ие болу;
 - меншігінде немесе оперативті басқаруда оқшауландырылған мүлікке, сонымен қатар арбес балансы немесе сметаға ие болу;
 - мүлдіктік құқықтарды сатып алу және жүзеге асыру;

- егер заңнамалық актілермен басқалай қарастырылмаса, басқа заңды тұлғаларды құру;
- халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу, халықаралық стандарттарды қолдану тәжірибесін зерттеу және Палата мүшелеріне ақпаратты тарату;
- мемлекеттік органдармен, бухгалтерлердің басқа кәсіби ұйымдарымен, бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарының аймақтық және халықаралық бірлестіктерімен қарым-қатынасты тиімді дамыту және қолдау;
- Палата мүшелерінен Жарғы ережелерінің және Палата нормативтік құжаттарының орындалуын талап ету.

3.2. Палата міндетті:

- Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік туралы заңнамасын және басқа нормативтік-құқықтық актілерін қадағалау;
- уәкілетті органның аккредиттелуі болған жағдайда, ҚР нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген мөлшерде Консультативтік органның құрамына кәсіби ұйымның мүшелерін жіберу және олардың толыққанды жұмысын қамтамасыз ету;
- езінің қызметі туралы есептілікті уәкілетті органға белгіленген тәртіпте беру;
- халықаралық және ұлттық стандарттарды қолдану бойынша сұрауларды қарастыру;
- құжаттармен және құқықтары мен мүдделерін қозғайтын шешімдермен танысу мүмкіндігін мүшелеріне қамтамасыз ету;
- ақшалай қаражаттардың түсуі және шығындалуы туралы мүшелеріне ақпарат беру;
- бірыңғай мемлекеттік тіркелімге кіретін мәліметтердің көлемінде басшылар туралы деректерді және тұрақты әрекет етуші басқарушы органның орналасқан жерінің өзгерістері туралы тіркеуші органға ақпарат беру;
- Палата мүшелерінің, Палатаның басқару органдары лауазымды тұлғаларының жеке деректерінің сақталуын қамтамасыз ету және таратпау және оларды тек Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ғана беру.
- салықтарды және бюджетке басқа міндетті төлемдерді белгіленген тәртіпте төлеу;
- езінің міндеттемелері бойынша Палатаға тиесілі барлық мүлікпен жауап;
- уәкілетті органның аккредитациясын алғаннан кейін уәкілетті органмен белгіленген мерзім ішінде сертификаттау бойынша бір немесе бірнеше ұйыммен өзара әрекеттесу туралы келісім жасау;
- кәсіби дайындық стандарттарын анықтау, Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіні және тәртіптік әсер ету шараларын әзірлеу және қолдану;
- Палата мүшелеріне техникалық көмек және кеңес беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілік көтеру.

4. ПАЛАТАҒА МҮШЕЛІК ШАРТТАРЫ

4.1. Палатаның Жарғысын және Палатаның ішкі құжаттарын танитын және қадағалайтын, Палата құрылған мақсат-мүддеге жетуде және тапсырмаларды шешуде атсалысатын және ақпараттың, мүшелік жарналарды белгіленген тәртіпте төлеген жеке және заңды тұлғалар Палата мүшелері болуы мүмкін. Палата мүшелігіне қабылдау немесе Палата мүшелігінен шығару шарттары, тәртібі, сонымен қатар мүшелік жарналардың көлемі Палатаның Ішкі құжаттарына сәйкес реттеледі.

4.2. Палата мүшесінің мүшелігін қабылдау, тоқтату, тоқтата тұру, жаңғырту және санатын өзгерту негіздемесі және тәртібі Палатаның Ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

4.3. Осы Жарғымен мүшеліктің келесі түрлері: толық және қауымдастырылған мүшелер қарастырылған.

Палатаның толық мүшелері болып табылады: Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтерлері және оларға теңестірілген тұлғалар;

Палатаның қауымдастырылған мүшелері болып табылады: бухгалтерлік есеп және аралық есептерде қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар, бухгалтерлер, қаржы мамандары және ұйымдар.

4.4. Палатаға мүшелік оның мүшелеріне олардың негізгі және кез келген басқа қызметінде ешқандай шектеулерді қоймайды.

4.5. Палатаға мүшелік Палата мүшелігінен өз бастамасы бойынша шығу туралы жазбана мәлімдеменің немесе осы Жарғының, Палатаның ішкі құжаттарының, Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінің ережелерін қадағаламағандығы үшін, біліктілікті жоғарылату бойынша оқудан өтпеген және кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде заңнаманы бұзған жағдайда, Палата мүшесі қайтыс болғанда немесе заңды тұлғалар үшін оны таратқан жағдайда мүшеліктен шығару туралы Палатаның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде тоқтатылады.

4.6. Палата мүшелері Палатаның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Палата өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

5. ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Палатаның толық мүшесі келесі құқықтарға ие:

Палатаның басқару органдарына сайлау және сайлану;

Конференцияға шығарылатын кез келген мәселелерді шешу кезінде дауыс беру;

Палатаның жоғарғы органы – Конференцияның қызметі аясына кіретін мәселелер бойынша ұсыныстарды Палатаның басқару органдарының қарауына шығару, осы мәселелерді талқылауға қатысу;

Палатамен жүргізілетін барлық шараларға қатысу;

Палатаның қызметі туралы басқару органдарынан ақпарат алу;

Құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін Палатаның кез келген басқару органына шағарнау, кеңес, әдістемелік және басқа көмек түрлерін алу;

Палатаға жана мүшелерді тарту;

Жарғыға және ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа құқықтарды жүзеге асыру.

5.2. Палатаның қауымдастырылған мүшелері Конференцияда дауыс беру құқықтарын жоғалтпағанда, Палатаның толық мүшелерімен тең құқықтарға және міндеттерге ие.

5.3. Палатаның толық және қауымдастырылған мүшелері міндеттемелерді өзіне ерікті түрде алады:

Палатаның жарғылық міндеттерін шешуге және мақсаттарына қол жеткізуге жағдай жасау;

Палатаның Директорлар кеңесімен бекітілген тәртіпте, мерзімде және көлемде мүшелік төлеу;

Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғының, Кәсіби бухгалтерлер кодексінің ережелерін және Палатаның қызметін реттейтін басқа құжаттарды, заңнаманы қатар оның басқарушы органдарының шешімдерін қадағалау;

Өзгеріс және/немесе толықтыру күнінен кейін бір айдың ішінде Палатаның байланысына өзгеріс және/немесе толықтырулар туралы

Палатаға ақпарат беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Біліктілікті жоғарылату туралы ережеге сәйкес кәсіби біліктілікті ұдайы жоғарылату туралы талаптарды орындау және Палатаның

Директорлар Кеңесімен бекітілген тәртіпте және мерзімде біліктілікті жоғарылату туралы Палатаның алдында есеп беру;

Палатаның басқару органдарының шешімдерін орындау;

Палатаның мүшелері ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа міндеттемелер көтеруі

қарастыру:

Палатаның толық мүшесі конференцияға жеке өзі немесе өзінің өкілдері арқылы қатысуға міндетті, бұл жағдайда олар уәкілеттіктерін растайтын құжаттарды көрсетуі тиіс.

6. ПАЛАТАНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

6.1. Палатаның басқару органдары:

Жоғарғы орган – Конференция.

Басқару органы – Палатаның Директорлар кеңесі.

Атқарушы орган – Басқарма

Бақылау органы – Ревизор.

6.2 Конференция

6.2.1. Палатаның жоғарғы басқарушы органы Конференция болып табылады.

6.2.2. Конференция Палатаның барлық мүшелерін қамтиды және төрт жылда кем дегенде бір рет шақырылады. Күні, өткізілетін орны, алдын ала күн тәртібі Палатаның Директорлар кеңесімен белгіленеді.

6.2.3. Кезектен тыс Конференция келесілердің бастамасымен шақырылуы мүмкін: Палатаның Директорлар кеңесі, Директорлар Кеңесінің Төрағасы, Атқарушы органның жетекшісі. Палатаның толық мүшелерінің кем дегенде 1/5 талап етуі бойынша.

6.2.4. Конференцияның ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатады:

- Палатаны ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату (қызметін тоқтату) туралы шешім қабылдау;
- Палатаның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу, қабылдау;
- Атқарушы органдардың қаржылық есептілігін беру тәртібін және мерзімділігін, сонымен қатар бақылау органымен тексеру жүргізу және олардың нәтижелерін бекіту тәртібін анықтау;
- Заңнамалық актілермен белгіленген шектерде басқа заңды тұлғаларды, сонымен қатар филиалдарын және өкілдіктерін құруда немесе қызметіне Палатаның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- Кәсіби бухгалтерлердің этикасы кодексін, Конференцияны өткізу тәртібі туралы ережені және Палатаның қызметін реттейтін басқа Ережелерді бекіту.
- Палатаның басқа органдарының құзіретіне кірмейтін және ҚР заңнамасына қайшы келмейтін Палата қызметінің басқа стратегиялық мәселелерін қарастыру және шешімдер қабылдау.

6.2.5. Конференция Палатаның орналасқан жері туралы Жарғының 1.4-тармағына өзгерістер енгізу бөлігінде Палатаның Директорлар кеңесіне ерекше құзіретін және шешімдерін береді.

6.2.6. Кезекті және кезектен тыс Конференцияны өткізу тәртібі және процедуралары Палатаның Ішкі құжаттарымен анықталады.

6.2.7. Егер Одақтың 50% астам толық мүшелері жеке қатысатын болса немесе сырттай немесе электронды дауыс беруде кем дегенде 50% толық мүшесі қатысатын болса, Конференция шешім қабылдауға құқылы. Әрбір толық мүше Конференцияда бір дауысқа ие. Толық мүше өзінің дауыс құқығын жазбаша түрде және тиісті түрде рәсімделген дауыс қағазы бойынша өзінің өкіліне беруге құқылы. Өкілге берілген дауыс құқығы Конференцияда кворумды анықтау кезінде және шешім қабылдағанда ескеріледі.

6.2.8. Палатаның қызметін тоқтату және қайта ұйымдастыру туралы шешімді қоспағанда, Конференцияның шешімдері Палатаның 2/3 астам толық мүшесінің кворумы болғанда қабылданады.

6.2.9. Конференция қатысушыларының 2/3 астамы дауыс беруі тиіс қарапайым көпшілік шешім қабылданады. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдері Конференцияның 2/3 астамы дауыс беруі тиіс қарапайым көпшілік шешім қабылданады.

6.2.10. Конференцияның шешімдері Конференцияға қатысушы палатаның толық мүшелерінің 2/3 астамымен қабылданады.

6.2.9. Конференцияға қатысып отырған Палатаның қауымдастырылған мүшелерінің өкілдері кворумға әсер етпейді және дауыс беруге қатыспайды.

6.2.10. Конференцияның барлық шешімдері Хаттамамен рәсімделеді. оған Палата Басқармасының Төрағасы қол қояды.

6.3. Палатаның директорлар кеңесі

6.3.1. Палатаның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Конференцияның ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелердің шешімін жасағанда, Палата қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.

6.3.2. Палатаның Директорлар кеңесі келесі құқықтарға және міндеттерге ие:

- Жарғылық мақсаттарға жетуге және Конференцияның шешімдерін орындауға бағытталған шараларды жоспарлайды;
- Палатаның өкілдіктері және филиалдары туралы Ережені, Комитеттер туралы ережені, Мүшелік туралы ережені, Біліктілікті жоғарылату туралы ережені бекітеді;
- Палата комитеттерінің санын және құрылымын бекітеді;
- Атқарушы органның (Басқарманың) сандық құрамын, уәкілеттіктерінің мерзімін бекітеді, оның басшысын және мүшелерін сайлайды, сонымен қатар олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады;
- Атқарушы орган басшысына және мүшелеріне сыйлықақы беру шарттарын және лауазымдық айлықақылардың мөлшерін анықтайды;
- Палатаның шығыстары мен табыстарының сметасын (бюджетін) бекітеді, оның орындалуы туралы Атқарушы органның есептерін тыңдайды, қажет болған жағдайда, сыртқы аудитті тағайындайды;
- Мүшелік бойынша комитеттің ұсынысымен Палатаға мүшенің мүшелігін тоқтатады, тоқтата тұрады, жаңғыртады немесе санатын өзгертеді.
- Мүшелік журналдардың көлемін, төлеу тәртібін және мерзімдерін белгілейді;
- Ревизорды сайлайды, қажет болған жағдайда тәуелсіз аудиторлық компанияны тартыды;
- Палатаның штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекітеді;
- Палатаның есептік саясатын бекітеді;
- Палатаның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдайды;
- Конференцияның және Ревизордың құзіретіне кірмейтін басқа мәселелерді қарайды және шешеді;
- Жарғының 6.2.5-т. сәйкес, Палатаның Конференциясынан берілген уәкілеттіктерге сәйкес, Палатаның орналасқан жері туралы Жарғының 1.4-тармағына өзгерістер енгізу.

6.3.3. Палатаның Директорлар кеңесі Конференциясымен Палатаның мүшелерінен төрт жыл мерзімге сайланады және 3 адамнан тұрады. Палатаның Директорлар кеңесінің мүшелігіне Палатаның мүшесі және/немесе штаттық қызметкерлері болып табымайтын екі тәуелсіз тұлға кіруі мүмкін. Палатаның Директорлар кеңесі дауыс беру арқылы Конференцияда сайланады. Палатаның Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлер Палатаның мүшелерімен жазбаша нысанда ұсынылады. Үміткерлердің аты-жөндері және міндеттері туралы қажетті ақпарат берілген тізім Конференцияны өткізу күніне дейін 30 күн бұрын кешіктірмей пошта арқылы немесе басқа байланыс құралдарымен, тарату құралдарымен Палатаның барлық мүшелеріне жіберіледі. Егер Конференцияға қатысып отырмай немесе сенімхат арқылы берілген дауыстарды ескере отырып, электронды дауыс

беру арқылы Палата мүшелерінің кем дегенде 51% дауыс бергенде, Палатаның Директорлар Кеңесінің мүшелігіне үміткер сайланған болып саналады.

Палатаның Директорлар Кеңесінің құрамында жұмыс істеген кезінде Палатаның Директорлар кеңесінің мүшелері Палатаның Атқарушы және бақылау органында кез келген қызметте жұмыс істеуге құқығы жоқ. Әрбір мүше Конференцияны өткізгенге дейін бір рет қалғаннан кешіктірмей өзінің кандидатурасын ұсына алады.

6.3.4. Палатаның Директорлар кеңесінің отырыстары оның Төрағасының немесе атқарушы органның (Басқарманың) бастамасымен немесе Ревизордың талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін. Палатаның Директорлар Кеңесінің отырысы бір жылда кемінде бір рет шақырылады және Палатаның ішкі құжаттарына сәйкес сырттай дауыс беру арқылы жүргізілуі мүмкін. Палатаның Директорлар кеңесінің отырыстарында Директорлар Кеңесінің Төрағасы, ол болмаған жағдайда Палатаның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі төрағалық етеді. Палатаның Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум оның мүшелерінің санынан кем дегенде жартысы болуы тиіс.

6.3.5. Палатаның Директорлар Кеңесінің шешімдері қатысып отырғандардың қатарынан қарайтын көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда палатаның Директорлар Кеңесінің Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

6.3.6. Палатаның Директорлар Кеңесінің шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оған қол қойылуы өткізген күннен бастап үш күн ішінде қол қойылады.

6.3.7. Палатаның Директорлар Кеңесінің Төрағасы ашық дауыс беру арқылы Палатаның Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен Палатаның мүшелері біраз табылатын мүшелері қатарынан сайланады.

6.3.8. Палатаның Директорлар Кеңесінің Төрағасы Палатаның Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Палатаның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, сонымен қатар осы Жарғымен анықталған басқа функцияларды жүзеге асырады.

6.3.9. Палатаның Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Палатаның Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Палатаның Директорлар Кеңесі мүшелерінен біреуі жүзеге асырады.

6.4. Палатаның басқармасы

6.4.1. Палатаның басқармасы Палатаның алқалы атқарушы органы болып табылады.

6.4.2. Басқарманың Төрағасы және мүшелері Палатаның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша сайланады және уәкілеттіктерін тоқтатады.

6.4.3. Палата Басқармасының отырыстары Палата Басқармасының Төрағасымен немесе оның мүшелерінің жартысынан астамының талап етуі бойынша қажеттілігіне қарай, бірақ жылда кемінде бір рет шақырылады.

6.4.4. Атқарушы орган заңнамалық актілермен және осы Жарғымен Палатаның басқа органдарымен және лауазымдық тұлғаларының күзіретіне жатпайтын Палата қызметінің қалғандық мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

6.4.5. Атқарушы органның мүшелері бухгалтерлердің басқа кәсіби ұйымдарын қоспағанда, Палата органдарда жұмыс істей алады.

6.4.6. Атқарушы органды Палатаның бірінші басшысы болып табылатын Басқарма басқарады. Палата басшысы төрт жылдан аспайтын мерзімге сайланады және мерзімнен екі мерзімге сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Палатаның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және өз функцияларын жүзеге асырады.

6.4.7. Басқарма Төрағасы келесі құқықтар мен міндеттерге ие:

• Конференцияның, Палатаның Директорлар кеңесінің шешімдері орындалуын ұйымдастырады;

- Палатаның Директорлар Кеңесі отырыстарында және Конференцияларда қарастыру үшін құжаттардың жобаларына дайындаумен ұйымдастырады;
- Палатаның штаттық жұмыс орындарын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;
- Бұйрықтар шығарады, қаржылық және басқа құжаттарға бірінші болып қол қою құқығына иелік етеді;
- Палата мүшелерін есепке атумен және олармен байланысты ұйымдастырады;
- Палата Комитеттерінің жұмысын үйлестіреді;
- Палатамен құрылатын консультативтік және басқа жұмыс органдарының жұмыс жоспарларын бекітеді, олардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- Салықтар мен басқа міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша жауапкершілік көтереді;
- Осы Жарғымен Конференцияның Директорлар кеңесінің және Ревизордың күзіретіне жатпайтын басқа уәкілеттіктерді жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша қаржылық және басқа құжаттарға бірінші қол қою құқығын қосқанда, Басқарма Төрағасының өкілеттіктерімен Палата мүшесі болып табылатын оның орынбасары қамтамасыз етілуі мүмкін.

6.4.8. Палата Басқармасының отырыстарында Төраға төрағалық етеді, ал ол болмаған жағдайда Басқарма мүшесі болып табылатын оның орынбасарларының бірі төрағалық етеді.

6.4.9. Егер мүшелерінің 50% астамы қатысқан болса, Басқарма отырысы құқылы болып саналады. Басқарма мүшелері және палатаның Директорлар кеңесі мүшелері қатыса алатын жабық отырысты өткізудің құқығын қоспағанда қабылдауға құқылы.

6.4.10. Басқарма шешімдері қатысушылардың қатарынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең түскен жағдайда Басқарманың Төрағасы дауыс берген шешім қабылдайды.

6.4.11. Басқарманың шешімдері қатталғанға рәсімделеді, оған отырысты өткізген сәттен бастап үш күннің ішінде отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің барлығы қол қояды.

6.4.12. Басқарма отырысының хатшысы Басқарма мүшелерінің бірі немесе Басқармамен анықталған басқа тұлға болуы мүмкін. Басқарма мүшесінің талап етуі бойынша хатшы оған уәкілетті жұмыскердің қойған қолжазбасы және Палата мөрімен куәландырылған Басқарма отырысының хаттамасын ұсынып беруге міндетті.

6.5. Ревизор

6.5.1. Ревизор палатаның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады.

6.5.2. Ревизор 4 (төрт) жыл мерзімге Палатаның Директорлар кеңесімен сайланады және Палатаның Директорлар кеңесіне есеп береді. Ревизордың өкілеттіктері Палатаның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Палатаның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ревизор аудиторлық компанияны тартуға болады. Ревизор Директорлар кеңесінің, Ақтөбе қаласының мүшесі бола алмайды, сонымен қатар Палатада басқа штаттық қызметтерде болмауы тиіс.

6.5.3. Ревизордың уәкілеттіктері:

- Палатаның және оның органдарының қаржылық-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу;
- Палатаның мақсатты қорларының пайдаланылуы және басқа қаражаттарын дұрыс болуді және пайдалануды тексереді.

6.5.4. Ревизиялар қажеттілігіне қарай жүргізіледі, бірақ жылына кем дегенде бір рет, және шітмен рәсімделеді.

6.5.5. тексеру нәтижелері Палатаның Директорлар кеңесінің отырысында немесе Конференцияда қарастырылады.

7. ПАЛАТАНЫҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ ҚАРАЖАТТАРЫ

7.1. Палата мүлкін қалыптастыру көздері:

- Палата мүшелерінен мүшелік жарналардың түсуі;
- ерікті мүлдіктік жарналар және қайырымдылықтар, гранттар;
- тауарлардың, жұмыстарды және қызметтерді заңнамамен белгіленген жағдайларда сатудан түсімдер (табыс);
- ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өндірістік, шаруашылық және баспагерлік қызметтен түскен табыстар;
- акциялар, облигациялар, басқа бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивидендтер (табыстар, сыйақы (мүдде);
- оған оның мүшелері меншігіне берген мүлік;
- заңмен тыйым салынбаған басқа түсімдер.

7.2. Палатаның қаражаттары Палатаны қаржыландыруға және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, ұйымдық-шаруашылық қажеттіліктерге және Палата штатын ұстауға осы Жарғымен қарастырылған шараларды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес пайдаланылады;

7.3. Палатаның табыстары оның жарғылық мақсаттарына жету үшін ғана пайдаланылады.

8. ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

8.1. Палатада есеп және есептілік Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бақыланады және жүргізіледі.

9. ПАЛАТАНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар осы Жарғымен белгіленген тәртіпке шақырылатын және тиісті шешім қабылдайтын Конференциямен енгізіледі және бекітіледі.

9.2. Палатаның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар туралы ұсыныстар оның мүшелерінің кез келгенінің бастамасы бойынша енгізіледі. Ұсыныстар Палатаның Директорлар кеңесіне жіберіледі. Палатаның Директорлар кеңесі келіп түскен ұсыныстарды мақұлдаған жағдайда олар Палата мүшелерінің талқылауы үшін бағытталады. Талқылау екі айдан аспауы тиіс. Талқылау аяқталысымен Конференция шақырылады, күн тәртібіне Жарғыға өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы мәселе енгізіледі.

9.3. Дауыс беру нысаны Конференциямен анықталады.

9.4. Өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркете жазылады.

10. ПАЛАТАНЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

10.1. Палатаны қайта ұйымдастыру немесе тарату Конференцияның немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда соттың шешімі бойынша жүргізіледі.

10.2. Палатаны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені Конференцияның күн тәртібіне енгізу мақсатына Орталықтың Директорлар Кеңесі және оның құрамының кем дегенде 1/5 тарапының қатысуымен мүшелері ие.

10.3. Палатаны тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы мәселе Директорлар Кеңесімен Конференцияның құрамының қатысуымен шешіледі.

10.4. Палатаны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

н
гь
да

- 10.5. Палатаны қайта ұйымдастырған жағдайда қалған мүлік және қаражаттар, сонымен қатар құқықтар мен міндеттер оның құқықтық мирасқорына өтеді.
- 10.6. Палатаны таратқан жағдайда, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырығаннан кейін қалған мүлік оның құрылтай құжаттарымен қарастырылған мақсаттарға жіберіледі.
- 10.7. Палатаны тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын тағайындайды. Тарату комиссиясын тағайындаған сәттен бастап оған Палатаның мүлкін басқару бойынша уәкілеттіктер өтеді. Палатаның атынан тарату комиссиясы ресми баспа органдарында кредитормен наразылық талаптарды ұсыну тәртібі және мерзімі туралы жарияданымды орналастырады.
- 10.8. Палатаны тарату аяқталған, ал Палата өзінің қызметін тоқтатқан болып, осы туралы жазба Заңды тұлғалардың Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің реестріне енгізгеннен кейін саналады.
- 10.9. Осы Жарғы реттемейтін басқа барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

11. ПАЛАТАНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

- 11.1. Палата Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында өкілдіктерін ашуы және филиалдар құруы мүмкін.
- 11.2. Палатаның филиалы оның орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және оның барлық функцияларын немесе бөлігін, соның ішінде өкілдіктің функцияларын жүзеге асыратын палатаның оқшауландырылған бөлімшесі болып табылады.
- 11.3. Палатаның өкілдігі оның орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және оның атынан мәмілелерді және басқа құқықтық әрекеттерді атқаратын коммерциялық емес ұйымның мүшелеріне өкілдік етуді және қорғауды жүзеге асыратын палатаның оқшауландырылған бөлімшесі болып табылады.
- 11.4. Палатаның филиалдары және өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Палатаның Ішкі құжаттары негізінде ашылады және әрекет етеді.

12. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

- 12.1. Барлық реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

«Қазақстан Республикасы Қаржы мамандарының палатасы» БҚҰ
Директорлар Кеңесінің төрағасы

Ешмухаметова Орынбасар Кошаевна - Екінші
Ешмухаметова Орынбасар Кошаевна

20 МАР 2018

20 г., Я. Усвинова К.М.



Нотариус города Алматы, действующий на основании гос. лицензии
 от 03.09.2012 г., выданной Комитетом регистрационной службы и оказания
 государственной услуги МЮ РК, свидетельствую верность этой копии с подлинником
 документа. В процессе подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных
 исправлений или каких-либо особенностей не оказалось.
 зарегистрирован в реестре за № 606
 Сумма оплаты нотариусу 9700 тенге

[Handwritten signature]

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 АЛМАТЫ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
 НӘМИРЛЕНГЕН, ТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚАРА
 БАСЫЛГАНЫ БАР...
 2018
 МИНИСТЕР
 ДЕПАРТАМЕНТ
 УПРАВЛЕН
 ВСЕГО 1
 СПУБЛИКАЦИЯ
 ГОРСУ
 РАЙОН
 ШИХРИБАНО И
 ЛИСТАХ
 20

Пронумеровано и пронумеровано
 на 239
 Нотариус М. Усвинова



Пронумеровано и пронумеровано